



РУХАНИ  
ЖАҢҒЫРУ  
**20**  
АСТАНА

ЕУРАЗИЯ  
ҰЛТТЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ТІҢІМ-ПРЕЗІДЕНТІ - ЕЛДАСЫНЫҢ БОРЫ



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

### **СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ФЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**F 96**

**F 96**

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 378**

**ББК 74.58**

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2018

## ЖАСТАРДЫҢ ПРОТЕСТТИК ПОТЕНЦИАЛЫ ЖӘНЕ ОҒАН ӘСЕР ЕТЕТИН ФАКТОРЛАР

Уан Айнүр Болатқызы

[ainura12@list.ru](mailto:ainura12@list.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҮУ, Әлеуметтану кафедрасының 2 курс студенті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі - Отар Э.С.

XXI ғасырдың басы - социум негіздерінің қайта құрылуына алып келетін трансформациямен байланысты қоғам дамуының жаңа тармағы. Қоғамдық санада ерекше процесс қарқын ала бастайды. Шартты түрде оны «әлеуметтік шынайылықты жоғалту» деп атауға болады. Оның мәні адамдар өзін жайсыз сезіне бастауында болып табылады. Шынайылық белгісіз, «бағынбайтын», нашар жоспарланылатын және бақыланатын болып шығады. Басынан өткізген қыындықтар мен реформалардан кейін қоғам бұрынғы құндылықтар мен нормаларды жоғалтып алды, бірақ жаңаларын жасап шығарып үлгермедин. Моралдық-адамгершілік принциптердің құлдырауы орын алды және осы уақытта жастарға ақпараттық кеңістіктің ықпалы артты. Жастар өмірлік бағыт-бағдарын жоғалта бастады, олардың мінсіздік туралы идеялары шын өмірдегісінен түбекейлі ерекшеленеді, жастар әлеуметтік шынайылықтан виртуалды кеңістікке ауысып жатыр [1, 276.].

Коммуникацияның мүмкіндіктері әлеуметтік козғалыстың пайда болуының шарты болып саналады. Үдеріс мобиЛЬДІ болған сайын оның ұжымдық наразылыққа айналып өсу мүмкіндігі соғұрлым жоғары болады. Интернет интерактивті және тез біріктіріп, бөліп, жеке көңіл толмаушылық пен биліктің арсыздығына қарсы наразылығын талқылауға көмектесетін қолайлы ортаны қалыптастырады; бұл жерде ортақ «жауға» бірігу негізінде социум жинақталады, соның арқасында «когнитивтік ой» пайда болады, сонымен қатар, жеке қорқыныштар мен қауіптер әлеуметтік желі алаңында пайда болып, сыртқа шақпай, осы аланда аяқталады.

Заманауи қоғамның әлеуметтік-саяси саладағы процесстері жастарға тән энергияны толық қанды жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді, ұрпақтар байланысын ажыратып, әлеуметтік нормалар мен құндылықтарды сінірудегі мұрагерлікті бұзады. Заманауи қоғамдағы әлеуметтік нормалар мен құндылықтардың тұрақсыздығы жастардың әлеуметтік шынайылыққа кіруі әлеуметтік инновациялармен қатар, әлеуметтік наразылық та бір түріне жататын әлеуметтік девиацияның әртүрлі формаларымен де қоса берілуі мүмкіндігіне әкеліп соғады [2, 176.].

Мемлекеттің басты міндеттерінің бірі – жас ұрпақтың энергиясын шығармашылық арнаға бағыттау. Бірақ жастардың наразылық әлеуетін қалыптастыру мен жүзеге асыруға қатысты мемлекеттік саясат көп жағдайда жастармен жұмыс жасауға жауапты мемлекеттік билік органдарының назарының перифериясында қалып қояды. Ол жастардың мемлекеттің азаматы ретінде жауапты позициясын қалыптастыру үшін мемлекет жастар саясатын жастар тақырыбына және әлеуметтік серіктестік принципіне қарай құру қажет. Жастардың қазіргі жағдайы белгілі бір факторлардың ықпалымен қалыптасып жатыр. Бұл факторлар жеке және қоғамдық-саяси мақсаттарды жүзеге асыруға мүмкіндігі бар жастардың біріккен сипаттамаларын, мүмкіндіктері мен резервтерін біріктіретін «жастардың наразылық әлеуеті» сияқты феноменнің қарастырылуын өзекті етеді [3, 96.]. Мысалы, 2014 жылдың 15-ақпанында Алматыда бір-бірін шынайы өмірде алғаш көріп тұрған ондаған жастар жиналды. Олар әлеуметтік желілер, форумдар арқылы таныс болуы, желіде бір-бірінің жариялымдарын оқып журген болуы да мүмкін. Бұл наразылық тенденцій өзгерісінде жастар тобының наразылығы осылай көрініс тапты.

Жастардың наразылық әлеуеті жағымды және жағымсыз формаларда да жүзеге асырылады. Наразылық әлеуетінің жағымды формадағы көрінісін ғалымдар әлі зерттемеген

және наразылық әлеуетін құрайтын бұл маңызды бөлікті зерттеуге арналған эмпириялық база жоқ. Әрине, мемлекет жағымсыз көріністерге көбірек көңіл бөледі, себебі ол елдің тұрақтылығына үлкен қауіп туғызады. Бірақ жастарды тиімді басқара білу мен жастар саясатын дұрыс жүзеге асыру үшін басқарушылар наразылық әлеуетінің жағымды формадағы көрінісіне сүйенуі және өзінің наразылық потенциалын жағымды формада қолдана алып жүрген жастар бөлігімен де жұмыс жасауы керек [2, 66.].

А.Н. Тесленконың зерттеуінде қазақстандық қоғамда жастардың әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайы қарастырылған. Жас қазақстандықтарды азаматтық әлеуметтендірудің әртүрлі аспектілері талданады. Ол әсіресе жастар азаматтық позициядағы әлеуметтік жаупкершілігін қалыптастыру мақсатында мемлекеттік жастар саясатын жастардың субъектілігі мен мемлекеттің әлеуметтік серікtestігі принциптерінде құру қажеттігін ерекше атап өтеді [4].

Елдегі шиеленіскең саяси жағдайды бар деп респонденттердің 11% көрсетеді. Аталған көрсеткіштердің деңгейі Астана қаласының жастары арасында аса жоғары (21,6%), бұл астана халқының саяси белсенділігінің салдары болып табылады. Ақтөбе облысының жастары (19,2%) және Қызылорда болысының жастарының (23,1%) басым көпшілігі елдегі саяси жағдайды «шиеленіскең» және «дағдарысты» деп бағалайды.

Жастардың пікірінше ұлтаралық шиеленісу және дау-жанжал, қоғамдық келісім қауіп-қатері және терроршылдық қаупі сияқты объективті факторлар маңызды болып танылды. Жастардың аталған аспектісі қоғамдық қауіпсіздікті сақтау мәселесін бірінші орынға шығарып, саяси сипаттағы басқа мәселелер көптеген жастардың назарынан тыс қалуда. Мысалы, сауалнамаға қатысқан жастардың 32,1% Қазақстанға терроризм қаупі «мүмкін» деп санайды, ал жастардың 26,6% бұған сенімді емес.

Әлеуметтік зерттеу мәліметтері бойынша, заманауи қазастандық қоғамның маңызды мәселелері ретінде ұлдар мен қыздар келесінің белгілейді: сыйбайлас жемқорлық, үкімет органдарында билігін асыра пайдалану (44,3%), есірткі тарату және есірткі бизнесі (31,6%), жастар ортасында қылмыстың өсүі (29,8%), қоршаған ортаны ластау (23,6%), халық мәдениетінің деңгейінің төмендігі (22,8%). Өкінішке орай қазіргі Қазақстан қоғамы әлі күнге дейін азаматтардың саяси іс-әрекет моделінің әртүрлілігі қалыптаспаған өктемешілдік жүйенің шығынынан арыла алмай келеді.

Ереуіге шығуға әсер ететін факторларды атап өтетін болсақ, олар:

- әлеуметтік экономикалық фактор: экономикалық дағдарыстар, жұмыссыздық деңгейі, зейнетакы реформасы, ипотекалық кредит беру, коммуналдық қызметтер тарифтерінің өсүі және т.б.;

- әлеуметтік-психологиялық фактор: әлеуметтік белгісіздік, әділеттілік пен әділестіздіктің сезімі, мемлекет үшін ұят сезімі, елдегі жағдай және «солай өмір сүруге болмайды» сезімі, ішкі агрессия сезімі;

- әлеуметтік желідегі байланыс факторлары – ақпараттық интернет порталдар, бақыланбайтын ақпараттық паракшалар – деп болінеді.

Жалпы алғанда Қазақстан жастарының наразылық әлеуеті 41,8% құрайды. Жастардың митингтерге қатысу себептері әлеуметтік және материалдық мұдделер мен мәселелер аясында пайда болады. Сонымен қатар, өздерінің ресейлік құрбыларымен салыстырғанда қазақстандық жастар аса сабырлы. Наразылық акциясына қатысу себептері арасында 2002 жылғы мәліметтермен салыстырғанда «оку орындарында әкімшіліктің бопсалаушылығын» қоспағанда барлық мәселелердің маңызы көбейген.

Қазақстандық көрші елдермен салыстырғанда ақпараттық қызмет нарығы дамыған, тәуелсіз басылым және электронды БАҚ жұмыс істейді және де біршама әлеуметтік желілер бар. Жастардың қоғамдық пікірін қалыптастыруға ақпараттық ағымның әсері зор, сонымен бірге қазақстандық жастар мәліметтерді ақпараттың дәстүрлі арналарынан да алады. Сауалнама қорытындыларынан байырғы ұлт өкілдерімен салыстырғанда орыс және басқа ұлттардың жастары өз назарларын шетел ақпараттық құралдарына көп бөледі. Бұған негізгі

себеп тілдік кедергінің болуы, сонымен бірге қазақстандық БАҚ қызметтерінің сапасының төмөндігі болып табылады.

Қазіргі уақытта Қазақстанның заманауи саяси жүйесі тек халықтың ғана емес, сонымен бірге қоғамның саяси ұйымдарының саяси мәдениетінің жеткілікті дәрежеде дамымауымен сипатталады. Саяси жүйе институттары арасында әзірше жастарды саяси белсенділікке ынталандыра алатын күштер бекітілмеді. Жастар құрылымы орын алған қазіргі саяси партиялардың ішінде тек аз мөлшері ғана жаппай бұқаралық бола алды және жастардың назарын өздеріне аудара білді. Жастармен атаулы жұмыстың нәтижелі еместігі және қоғамның саяси күштерінің демократиялық бәсекелестіктің қазіргі жағдайына сәйкесіздігі оның басты себебі болып табылады. Мүмкін мемлекет өз орнын таба алмаған, өзінің әлеуметтік қызметі мен рөлін анықтай алмаған жастардың күштерін сабактастыру мен үйлестіру туралы ойластыруы тиіс шығар.

Заманауи қоғамда азаматтық әлеуметтенуу процессі бұл ең алдымен демократиялық құндылықтар, нормалар және мәдени ұлгілерді менгеру болып табылады. Осы түрғыда қазақстандық жастардың өзін-өзі бағалауда, әлеуметтік бейімделуде, рухани құндылық дағдарысында, еңбек беделінде және тұтыну көңіл-күйінде трансформацияның бар екендігін көруге болады. Көп жағдайда БАҚ арқылы таратылатын рухани ұлгілер мен тұтыну қоғамының өмір сүру стилі коммерциализациялануға ұшыраған. Қоғамның дәстүрлі түрінен заманауи түрге өтуіне байланысты құқықтар мен міндеттер, әлеуметтік рөлдер мен ғадеттер, азаматтық менгеру формалары мен талаптары күрделенді, сондықтан қазіргі заманғы қоғам әрбір жас адамға осы рөлді менгеру үшін белгілі бір уақыт мерзімін ұсынуға міндетті және оны қажетті деңгейде менгеру үшін жағдай жасауы тиіс. БАҚ және білім беру жүйесі арқылы жастарда әлеуметтік-азаматтық ұстанымдарды қалыптастыру мақсатында жастар ортасында мақсатты және жүйелі ағарту жұмысы атқарылуы тиіс. Осындай әлеуметтенуу процессі жеке тұлғаны қалыптастыруға, оның азаматтық қасиеті мен құқықтық мәдениеті құрылатын барлық әлеуметтік институттарда жүргізілуі тиіс.

#### **Көлданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Парсонс Т. О структуре социального действия.-М., 2002, 27 С.
2. Ваторопин С.А., Ручшин А.В. Протестный потенциал населения России//СОЦИС. 2017, С. 17-19.
3. Булавка Л.А. Социо-культурный портрет рабочего протеста в России. -2004, С. 9-11.
4. Тесленко А.Н., Гражданская социализация: социально-политический портрет казахстанской молодежи// Право и государство. № 2 (63). 2014

УДК 159.9

## **ОСОБЕННОСТИ АДАПТАЦИИ К ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ У СТУДЕНТОВ ВЫПУСКНОГО КУРСА**

**Черенкова Анастасия Александровна**

*[ana\\_pm@mail.ru](mailto:ana_pm@mail.ru)*

Студентка специальности "Психология", факультета социальных наук,  
ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан  
Научный руководитель - Бекова Ж. К.

Проблема личностного и профессионального становления студентов в вузе — одна из наиболее актуальных. Это обусловлено интенсивными изменениями, происходящими в обществе. Сегодня от будущего выпускника требуется проявлять не только профессиональные умения, но и умения рисковать, быть предпримчивым, высоко мобильным, избегать стресса, устанавливать деловые контакты и продуктивно их развивать, разрешать конфликтные ситуации.